



«Экономикалық жүйе түсінігі.
Экономикалық жүйе типтерінің
сипаттамасы.»



Меншік қатынастарының мазмұны.



«Меншік» ұғымы әрбір экономикалық жүйенің фундаменти болып табылады. Ол тарихи түрде адаммен , қоғаммен бірге пайда болады. Сонымен, меншік дегеніміз өндіріс құрал жабдықтарын және өндірілген өнімдерді иемденуге байланысты адамдар арасында туындайтын қоғамдық қатынастар.



Меншік теориясына сүбелі үлесті У. Петти, Ф. Кенэ, А. Смит, Д. Рикардо, П. Прудон, К. Маркс, Р. Коуз және А. Алчиан сияқты ғалымдар қосты.

Маркс бойынша, меншік - бұл өндіріс құрал-жабдықтарын иемденумен байланысты қатынастар деп қарастырылады. Ал Коуздың пікірінше, кез-келген ресурстар өздігінен меншікке айнала алмайды, тек ресурстарды қолдану арқылы ғана меншіктің кешенді құқықтарын анықтауға болады. Бұл меншіктің мазмұнын білдіре отырып, осы меншік құқығына қатыстылардың барлығы сол меншіктің кімге қатысты екенін және өзара пайдалы іс-әрекетті орындауға қол жеткізу үшін сол адамдардың бір-бірімен қалайша келісе алатындығын сипаттайды.



Меншік экономикалық және құқықтық категория ретінде.

Меншік ұғымын екі мағында түсінуіміз қажет. Біріншіден, экономикалық категория, екіншіден құқықтық категория ретінде. Меншік экономикалық тұрғыдан алғанда, өндіріс құрал - жабдықтары мен оның өнімдеріне иелік ету жөнінде пайда болатын қоғамдық қатынастар. Меншік қоғам өмірінің негізі, яғни алғанда базистік сипаттағы экономикалық санат. Меншік құқығы қондырманың элемент болып саналғанмен қоғамның белгілі бір даму кезеңінде санатқа кері әсер етіп қана қоймай, алдыңғы қатарға да шығуы мүмкін.



Ағылшын заңгері А. Оноре 1961 жылы алғаш рет меншіктің толыққанды кешенді құқықтарын ұсынды. Оны «бір буда құқық» немесе Оноре тізбесі деп атайды және ол 11 элементтен құралады.





Қазіргі экономикадағы меншіктің түрлері мен нысандары.

Меншік қатынастары меншік объектілерін иемдену жөнінде меншік субъектілерінің арасында қалыптасып отырады. Меншік субъектілері - бұл олардың арасында меншік қатынастары туындап отыратын тұлғалар, оларға жеке индивидтер, отбасы, әлеуметтік топтар, ұжым, халық, мемлекет және басқару органдары жатады. Меншік объектісі - бұл осылар арқылы меншік қатынастары туындап отыратын қандай да бір заттар немесе құралдар, т.б. Меншік объектілеріне мыналар жатады: жер, ғимараттар, табиғи ресурстар, өндіріс құрал-жабдықтары, мүлік, ақшалар, бағалы заттар, ақпарат, жұмыс күші, білім, құнды қағаздар, ұлттық құндылықтар, т.б.





Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншікке қатысты мынадай ұғымдар айтылады:

- 1) Иемдену - мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі.
- 2) Пайдалану - белгілі бір игіліктен оның пайдалы қасиеттерін алудың және одан пайда таба алудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі.
- 3) Билік ету - мүліктің тағдырын айқындаудың заңмен қамтамасыз етілуі.



Меншік қатынастарын экономикалық іске асыру.

Экономикалық мағынасында меншік бүкіл шаруашылық процесін қамтып, пайдалы игіліктер мен қызметтерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну қатынастарын білдіреді. Бұл дегеніміз өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы күрделі шаруашылық өндіру адамдардың өз қажетіне қарай табиғат байлығы мен жұмыс күшін иемдену болып табылады.



Сонымен қатар, меншіктің экономикалық мазмұны мынадай түсініктермен де сипатталады:

А) екі жұп категорияларының өзара байланысы

:(меншіктеу) иемдену шеттету;

Ә) жекелену қоғамдастыру сияқты жұп категориялардың өзара байланысы ;

Б) өндірістің жеке және заттық факторларын біріктіру тәсілі ;

В) табыстарды уйлестіру тәсілі;

Г) субъектілік объектілік талдау .

5. Меншікті ұлттандыру, мемлекетсіздендіру және жекешелендіру.



Адамзат қоғамының тарихи дамуы барысында құрал жабдық меншіктерінің әр түрлі формалары белгілі. Алдымен олардың біріне бірі қарсы : жалпы және жеке меншік деп аталатын 2 формасы бар. Жалпы меншік ұжым ретінде бірлескен адамдарға берілген құрал жабдықтар, яғни бұл олардың барлығына ортақ меншік деген сөз. Мұндай иеленушілік әр түрлі қоғамдарға тән.

Жеке меншік жеке адамдарының өндірістің заттық факторларына және оның нәтижесіне өз меншігі ретінде қарауы. Оның өз еңбегіне және өзгенің еңбегіне негізделген екі түрі бар.

Өз еңбегіне негізделген жеке меншіктің субъектілері жеке шаруа қожалығы, қолөнершілер және басқа адамдар. Бұлар өз еңбегімен өмір сүреді. Олар, бір жағынан, өз меншігінің иесі, екінші жағынан, тікелей жұмыскер болып табылады.

Өзге адамның еңбегіне негізделген жеке меншік өзгенің еңбегі есебінен баюға бейімделеді



Қазақстандағы меншік қатынастарын реттеу.

Қазіргі қазақстандық заңнамаға сәйкес меншік иесі меншік объектісін иеленеді, пайдаланады және билік етеді. ҚР Азаматтық кодексі меншіктің жеке, мемлекеттік және аралас нысандарының құқықтық ауқымын анықтайды.

Мемлекеттік меншіктің ерекше қасиеті - меншікке абсолюттік құқық мемлекетте. Өндірісті басқаруды мемлекет тайғайындаған басшылар жүргізеді. Мемлекеттік кәсіпорындардың меншігі үлестерге бөлінбейді, осыдан мемлекеттік меншік

унитарлы



Бүгінде біз осы Қазақстан Республикасында меншіктің алуан түрлері мен формаларын қалыптастырған -«Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру» саясатының нақты қайтарымын көріп отырмыз. Соңғы жылдары мемлекеттік меншікті сатудан ғана емес, сонымен бірге оны білгірлермен басқарудан да айтарлықтай қаржы табудың үрдісі байқала бастады.

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік меншік пен оның қызметтерін жеке секторға толық және жарым жартылай өткізіп берудің 22 түрлі тәсілі бар.



Экономикадағы жеке және мемлекеттік сектор арақатынасы.

Экономика Секторы - экономикалық мақсаттары, атқарымы, қылығы ұқсас институттық резидент-бірліктердің жиынтығы. Экономика секторы экономикалық жүйенің мына белгілері бойынша құрылымданады: меншік нысаны бойынша - мемлекеттік муниципалдық, жекеше экономика секторы ; өндірістің көлемі бойынша - ірі (корпоративтік), орта және шағын Экономика секторы; инвестициялық қызметтің бағытталуы бойынша - нақты, қаржылық экономика секторы; салалар бойынша - өнеркәсіптік, банкілік, тұрғын үй-коммуналдық, т.б.



Мемлекеттік сектор - бұл жергілікті және Орталық басқару органдарына тікелей, тұтастай немесе жартылай бағыныштағы шаруашылық кешенінің объектілері. Мемлекеттік сектор объектілеріне рентабельділігі төмен инфрақұрылым объектілері және инвестицияны көп қажет ететін капиталдық айналымы жай шикізат энергетика салаларының кәсіпорындары жатады



Экономикалық жүйе түсінігі.

Экономикалық жүйе (грекше, systema-тұтас, бөлімдерден құралған) - өзара байланысқан шаруашылық қатынастар мен белгілі бір тәртіпке келтірілген экономика элементтерінің жиынтығынан тұрады және экономиканы ұйымдастырудың нысаны болып табылады.

Экономикалық жүйе - экономикалық өнімді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың нысаны мен мазмұнын айқындайтын қағидаттардың, ережелердің, заң жүзінде баянды етілген нормалардың тарихи тұрғыда пайда болған немесе белгіленген, елде жұмыс істеп тұрған жиынтығы.





Экономикалық жүйенің мақсаты- халықтың әл-ауқатын арттыру, материалдық, рухани, әлеуметтік, ұлттық және басқа да құндылықтармен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын енгізу. Сондықтан экономиканың тиімділігін арттыру үшін экономикалық жүйе бір тұрпаттан (типтен) екінші (типке) тұрпатқа өзгереді.

Экономикалық жүйе типтерінің сипаттамасы.

Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашан да белгілі экономикалық жүйе ретінде қызмет жасайды.

Экономикалық жүйе - бұл экономикалық процестердің жиынтығы. Ол қалыптасқан мүліктік қатынастар мен ұйымдық түрлер негізінде қоғамда жүзеге асады. Әлемдік экономикалық әдебиеттерде экономикалық жүйені топтаудың кең таралған екі фактор негізінде жүргізіледі:

1. Меншік типтері бойынша;
2. Экономиканы ұйымдастыру типтері бойынша;



Осындай әдістер негізінде экономикалық жүйені төмендегідей типтерге бөледі:

а) дәстүрлі экономика;

ә) әкімшілдік - әміршілдік экономика;

б) еркін бәсекелестік (таза капитализм) нарықтық экономика;

в) қазіргі нарықтық экономика (қазіргі капитализм) немесе аралас экономика.

Экономикалық жүйені жіктеу критерилері: меншік нысаны, шаруашылық өнімді үйлестіру әдістері, технологиялық даму деңгейі, қоғамдық-экономикалық формациялар, өркениеттік әдіс.


Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашанда белгілі бір экономикалық жүйе ретінде қызмет атқарады. Экономикалық жүйе - бұл экономикалық процестер жиынтығы. Әрбір елдің экономикалық жүйесі қалыптасады. Экономикалық жүйе бір біріне тәуелді әртүрлі компоненттерден тұрады. Экономикалық жүйе - бұл материалдық, рухани игіліктер мен қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстың ерекше реттелген жүйесі.



Әртүрлі экономикалық жүйелерді түсіну және салыстыру үшін келесі үш сұраққа жауап беру керек: Не? Қалай? Кім үшін?

Формациялық және өркениетті тұрғыдан экономикалық жүйелерді жіктеу. Қазіргі әлем әртүрлі экономикалық жүйелердің болуымен сипатталады және солардың әрбіреуі ұзақ тарихи даму процесі нәтижесінде қалыптасты.

Экономикалық жүйелер әр алуан критерийлер бойынша жіктеледі. Экономикалық жүйелерді жіктеу әртүрлі тұжырымдарға негізделеді.



Қазақстанның қазіргі экономикалық жүйесі.

Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашан да белгілі экономикалық жүйе ретінде қызмет жасайды. Экономикалық жүйе - бұл экономикалық процестер жиынтығы. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика болып табылады. Сондықтан ол бәсекелестік бастауға, меншіктің негізгі түрлерін араластыра өзара іс- әрекетке негізделеді.



Қазақстан Республикасының әлеуметтік бағытталған аралас нарықтық экономикаға өтуі ТМД елдеріндегі сияқты эволюциялық - реформаторлық сипат алады. Нарықтық экономикаға өтудің Қазақстан Республикасындағы басты міндеттері мыналар: Мемлекеттік меншікті мемлекеттен алу мен жекешелендіру. Мемлекеттен алу- мемлекеттің экономиканы тікелей басқару қызметін алып тастауын айтамыз. Қазақстандық кәсіпкерлердің әлеуметтік жігінің қалыптасуы.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

